

Борбасова Қ.М.,
Сагиндыков А.А.,
Альджанова Н.К.

**Қазақстандағы жаңа
протестанттық ұйымдар және
олардың миссионерлік қызметі**

Borbasova K.M.,
Sagindykov A.A.,
Aldzhanova N.K.

**Neoprotestant organization and
missionary activity in Kazakhstan**

Борбасова Қ.М.,
Сагиндыков А.А.,
Альджанова Н.К.

**Непротестантскиетечения
и миссионерская деятельность
в Казахстане**

Мақалада Қазақстан Республикасында жаңа протестанттық ағымдардың таралу тарихы және Ресей империясында 1917 жылғы Қазан төңкерісінің дайындығына және жүзеге асыруына жаңа протестанттық ағымдардың орны мен рөлі туралы қарастырылған.

Сонымен бірге, еліміздің аумағында атқарып жүрген миссионерлік қызметтері зерттеліп, жаңа протестанттық ағымдардың тарапынан өздерінің еліміздегі тарихилығын дәлелдеу талпыныстары жоққа шығарылады.

Түйін сөздер: дін, қоғам, миссионерлік қызмет, ұлттық мүдде.

The article discusses the history of the spread of Protestant denominations in the territory of Kazakhstan, the question is raised about the role of neoprotestant organizations in the preparation and implementation of October Revolution in the Russian Empire.

Moreover, missionary activity is investigated, as is the refutation neoprotestants currents that try to prove the historicity of Kazakhstan.

Key words: religion, politics, society, missionary activity, national interests.

В статье рассматривается история распространения неопротестантских течений на территории Казахстана, поднимается вопрос о роли неопротестантских организации в подготовке и реализации Октябрьской революции в Российской империи.

Кроме этого, исследуется миссионерская деятельность, также делается опровержение неопротестантских течений которые пытаются доказать свое историчность в Казахстане.

Ключевые слова: религия, общество, миссионерская деятельность, национальные интересы.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢА ПРОТЕСТАНТТЫҚ ҰЙЫМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МИССИОНЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

Еліміздегі діни жағдайдың қалыптасуы өте ұзаққа созылған күрделі үрдіспен байланысты. Бұл үрдіс көбінесе саяси фактормен, соның ішінде мемлекеттің ішкі саясатымен тікелей анықталып отырған. Сонымен бірге, еліміздің аумағында әртүрлі діни ағымдардың таралуына және өзіндік ерекше діни жағдайдың қалыптасуына әлеуметтік-экономикалық, мәдени, идеологиялық және тағы басқа да себептер әсерін тигізгенін көруге болады.

Евангелизациялау мақсатында жүргізілген миссионерлік жұмыс тарихы шамамен VII ғасырдан басталып, қазіргі күнге дейін тоқтаусыз жүргізіліп келеді. Кеңес дәуірінің орнауына дейін ата-бабаларымыздың діни сенімдері мықты болса, КСРО заманында коммунистік партияның атеистік және діни ағымдарды құдалау саясаттары кедергі келтіргендіктен, жаңа протестанттық ағымдардың миссионерлік жұмыстары айтарлықтай нәтиже бермеді. Алайда, Кеңес Одағының құлауы, посткеңестік елдердің, соның ішінде Қазақстанда халықтың экономикалық қиындық кешуі және руханияттың әлсіздігі, халықтың діни білімінің таяздығы, сонымен бірге мемлекеттің дін мәселесі бойынша саясатының олқылығы миссионерлердің белсенді жұмыс жасауларына үлкен мүмкіндіктерінашып берді.

Зерттеу жұмысында кеңінен кездесетін «Евангелизация», «миссионерлік» деген терминдерді конфессионалдық әдебиеттерде Евангелияны уағыздау, қоғамда христиандық сенімді тарату деп анықтайды [1, 15 б]. Ал зайырлы ғылым өкілдерінің көбісі, «евангелизация» терминін халықтарды және жеке адамдарды христиандыққа кіргізу мақсатын ұстанған діни бірлестіктердің қызметтерін атап келген [2, 64 б]. Әртүрлі авторлардың берген анықтамалырының ортақ мағынасы – ол халықтардың арасында христиандық сенімді тарату болып табылады.

Қазіргі таңда, евангелизация дегеніміз – тұлғалық тұрғыда христиандандыру мақсатында жүргізіп отырған саясат, ал миссионерлік қызмет – оны жаһандық ауқымда жүзеге асырып отырған евангелизацияның құралы деп тұжырымдауға болады. Мәселен, дін ілімін зерттеуші, доктор Дж. Мак-Артурдың анықтамасына бойынша «миссионерлік дегеніміз әлемдік деңгейдегі евангелизм» [3, 128 б]. Бірақта, көптеген әдебиеттерде евангелизация миссионерлік қызметтің маңызды мақсаттары-

ның бір бөлігі ретінде көрініс табатындығын көре аламыз.

Соңғы жылдары барлық шіркеулер, әсіресе жаңа протестанттық ағымдар евангелизациялау саясатын белсенді түрде іске асыруда. Мәселен, 2006 жылы Қазақстандағы (евангелизация) мәсіхшілдік тарихына қатысты осы діннің қазіргі уағыздаушысы Манарбек Байеке деген азаматтың «Орталық Азия мен Қазақстанның мәсіхшілік тарихы» атты еңбегі жарыққа басылып шықты. Бұл еңбек негізінен Қазақстан халқының арасында христиан дінін тарату мақсатында жазылғандығын ескертіп өту қажет. Осы мәселені ескере отырып, біз автордың Қазақстандағы мәсіхшілдік тарихына байланысты келтірген тарихи деректерінде: *«1869 жылы патшалық Ресей Қазақстанды толық отарлап және Орталық Азияның үлкен бөлігін жасауға алды. Әсіресе, қазақ жері бірнеше әкімшілік бөліктерге бөлінді. Ірі қалалар мен ауылдарда православиелік шіркеулер мен соборлар салынды. Көбінесе діни рәсімдерге бой соққан орыс православиесі ірі өлкедегі жергілікті басқа халықтар тұрмақ, орыс тілді тұрғындардың өзіне де Ізгі Хабарды түсінікті етіп жеткізе алмады»,* – деп жазады автор [4, 43 б].

1763 жылы 22 шілде айында II Екатерина «Ресейге келген шетелдіктердің қалаған аймақтарында қоныстануына рұқсат беру» атты Манифестіне сәйкес шетелдіктерге ар-ождан бостандығы, діни құлшылықтарын кедергісіз орындау, әскери қызметтен босату және т.б. жеңілдіктер берілді. Сонымен бірге, шетелдіктерді, әсіресе немістерді Империяның шығыс өлкелерінде отарлаушы күш ретінде және христиандық орталықтарды құру саясатында кеңінен пайдаланғанын айта кету керек.

Қазақстан аумағына келген протестанттық (лютерандық, кальвиндік) және жаңа протестанттық ағымдардың (меннонит, баптизм және адвентизм) этникалық жағынан неміс ұлтынан тұрған. Осындай үрдістің орын алуына ресей әскерінде және жергілікті отарлау әкімшілігінде немістердің саны жағынан басымдығымен, Батыс Сібір және Қазақстан аумағы жаңа протестанттық сенімді ұстанатын швед, поляк, фин әскери тұтқындарының қоныстану аймақтарына айналуымен байланысты.

Еліміздің аумағына протестанттық ағымның ішінен ең бірінші болып келген лютерандық. Негізінен лютерандық қауымдар орыс әскерлері шоғырланған аймақтарда пайда болған және қауымдардың көпшілігін ресей әскерінде қызмет жасаған неміс офицерлерінен құралды [5, 71 б].

XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда жаңа протестанттық ағымдардың ішінен бірінші болып меннониттер келді. 1872 жылы Ресейдегі неміс меннониттерінің алғашқы он отбасы Самария губерниясынан Саратов арқылы Түркістан жеріне енген, осыдан кейін он үш отбасы Сарыағаш елді мекені мен Ташкент маңында қоныстандырылады. Сондай-ақ Шымкент, Аулие-Ата оңтүстігіне, Талас өзені маңына, кейбіреулері Хиуаға өтіп кетеді [6, 81 б]. Екатерина II патшайыммен жасалған келісімге сәйкес, меннониттер халықтың арасында өздерінің діни сенімдерін уағыздамау міндетін алған.

Баптистік қауымдар халықтарды жаппай жер аудару саясаты барысында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында еліміздің аумағына келді. Олар Ақмола облысы (Петропавл, Ақмола, Көкшетау уездері) және Торғай облысында (Қостанай уезді) тұрақтаған болатын [7, 81 б]. Баптистік қауымдар басқа протестанттық және жаңа протестанттық ағымдардан ерекшеленіп өзінің діни сенімдерін тек немістердің арасында ғана емес, сонымен байланысты славяндар және жергілікті халықтардың арасында уағыздарын тарата бастады. Ашылып жатқан баптистік қауымдарға көбінесе орыстар, сонымен бірге, жерінен, мал мүлкінен айырылған қазақтар, қырғыздар, өзбектер де аз болсада келіп қосылып жатты.

Осылайша, баптистердің діни қауымын Қазақстанда 1903 жылы Қостанай уезінде николаевка ауылында Украинадан жер ауып келген баптистер құрды. Сонымен бірге, 35 сенушілерден тұратын қауым 1907 жылы Павлодар қаласында ашылды. Баптистік зерттеушілердің пікірлері бойынша олар Қазақстандағы тарихын 1909 жылдан бастағандығын мәлімдейді. Ал, Тараз қаласындағы баптистер бастапқы уақытта өз гимндерін айтуға, діни ғибадаттарын орындау үшін православ шіркеуін пайдаланған болатын [7, 123 б]. 1920 жылы ғана қауым өздеріне жеке ғибадатхана ашып, алғаш рет бірнеше сенушіні шоқындырады. Ал Алматы қаласында баптистік шіркеу 1917 жылы Украина мен Орынбордан бірнеше баптистік жанұя көшіп келгеннен кейін құрылды.

Далалық аймақта (қазіргі Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстары) миссионерлік әрекеттің қарқын алуына байланысты, 1913 жылы Орыс өкіметінің министрлер кеңесінің отырысында қатты талқыланып, *«Жандармерия мен Ішкі істер министрлігінің зерттеу қорытындысы бойынша аумақтағы және Ресейдің көп жерлерінде таралу жағынан ауқымды және*

қатерлісі – баптизм» деп жарияланды [8, 83 б]. Клебановтың келтірген мәліметтеріне сәйкес 1912 жылы Далалық аймақта 8 мыңнан астам баптистер болса, аздаған уақыттан кейін олардың саны 3 есе өскен.

Бірінші дүние жүзілік соғыстың басталуы мемлекеттің ішкі істермен айналысуына мүмкіндік бермеді және осы сәтті ұтымды пайдаланған жаңа протестанттық қауымдардың миссионерлік жұмысының арқасында соғыстың тауқыметінен арып-ашығандар, шаршағандар, рухани ізденісте жүрген адамдар осы діни ұйымдарға қосыла бастады. Өзбек, қырғыз, әсіресе қазақтар арасында Герман Янтценнің (1866-1959) миссионерлік қызметті қарқынды жүргізген болатын. Ол 1880 жылы Орталық Азияға қоныс аударылған алғашқы менониттер отбасымен келгендердің ішінде болған еді. Жастайынан ол өзбек, қырғыз, қазақ тілін, салт-дәстүрін және мәдениетін жетік меңгеріп осы халықтармен етене жақындасып алады. 1905 жылы Британ шетел қоғамының Киелі Жазбаларды таратушы Герман Янтценмен миссионерлік жұмысты жүзеге асырушылар ретінде Мартин Тильман, Рудольф Бон, Герхард Регер, ұйғырлар арасында қызмет еткен Хантер және т.б. белгілі болды [4, 57 б].

XX ғасырдағы Столыпіндік реформалар елімізге немістерді қоныстандыру үрдісін жоғарғы қарқынға шығарды. Отарланған жерлерге жер аударылған адамдардың көбісі лютерандық сенімді ұстанған болатын. Немістерді Қазақстан аумағында толық қоныстандыру жұмыстары нәтижесінде 1912 жылы Ақмола облысы бойынша: католиктер – 14775 адам (26,6%), лютерандар – 29947(54%), баптисттер – 10061 (18,2%), меннониттер – 580 (1%) қоныстанған болатын [9, 193-194 б].

Меннониттік қауымдарды қарастыратын болсақ, патшалық билік оларды ауыл-шаруашылық секторын дамытушы күш ретінде пайдалану көздеген. Осы себепке байланысты меннониттерді әскери қызметтен босату, тағы да басқа жеңілдіктер беріп отырған.

XIX ғасырдың 70 жылдары генерал фон Кауфман Түркістанның генерал-губернаторы болған уақытта меннониттерді Әулие-Ата болысында ауылшаруашылықты көтеру жұмыстарына тартуға үлкен маңыз беріп, Қазақстанның оңтүстігінде бес меннониттік ауыл тұрғызылды. XIX ғасырдың 90-шы жылдары Әулие-Атада меннониттердің балаларына арналған діни мектеп ашылды.

XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында жетінші күн адвентистері де келе бастады. 1902

жылы алғашқы адвентистік қауымдар Өскемен, Семей қалаларында, Ақмола және Қостанай облыстарында өздерінің қызметтерін бастады [10, 408 б].

1905 жылы сәуір айындағы II николай патшаның «Діни төзімділікті нығайту» және қазан айындағы «Мемлекеттік тәртіпті жетілдіру» атты манифесттерінде ар-ождан, сөз, жиналыс, діни бірлестіктер бостандығын жарияланғаннан бастап жаңа протестанттық ағымдардың қызметі кеңінен жандана бастады.

Сонымен бірге, Евангелистік христиандар өздерінің жұмыстарын кеңейтті және діни концепцияларының белсенді таратушыларының бірі – полковник В.А.Пашков болды. Ол өзінің қызметін әсіресе жұмысшылардың арасында белсенді жүргізген болатын. Алайда, В.А. Пашков сыртқа жер аударылғаннан кейін, Евангелдік христиандар қауымының ішінде теология саласында ғылыми ізденістерімен танымал болған И.С.Проханов жұмысын жалғастырды. Ол ағылшын тіліндегі христиандық әндерді орыс тіліне аударып, өзінің көптеген жеке ән-псалма жазып, бұл псалмдарды «Гусли» деген атпен жинақ етіп шығарды. Ол сондай-ақ заңсыз шығып тұрған «Христианин» журналының жарыққа шығуын да ұйымдастырды. Бірақта, Проханов өзін тек қана теолог және баспагер ретінде ғана емес, сондай-ақ Евангелдік христиандады біртұтас діни ұйымға біріктіруші әрі ұйымдастырушы ретінде танытқан болатын.

XX ғасырдың басында Проханов евангелистердің Бүкілресейлік ұйымын құруға бағыт алды. 1905 жылғы революцияда Евангелдік христиандар басшылығында кадеттік көзқарастағы бағыт пайда болып, Евангелдік христиандар қауымында некеге отыру заңдас-тырылды (бұған дейін оны зайырлы билік мойындамай келген).

1909 жылы либерализм аясында Евангелистік христиандардың съезді ұйымдастырылып, онда Прохановтың басшылығындағы Бүкілресейлік кеңесі жәнежеке діни иерархиясы Евангелдік христиандардың Одағы құрылды. Евангелдік христиандар қауымы өміріндегі демократиялықжеліні сақтауға деген талпыныстарға қарамастан 1914 жылы қауым бөлініп кетті. Барлық қызметтер бауырластар кеңесінің қарауына өтіп, пресвитерлер мен диакондар үлкен ықпалға ие болды. Евангелистер ішінде элеуметтік алауыздық негізіндегі күрес басталды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде православ дінбасыларының қысымымен Евангелдік христиандар неміс шпиондары саналып, олар-

дың қызметіне тыйым салынды. Ал 1917 жылы наурызда діни реформация негізіндегі әлеуметтік-саяси қайта құру бастамасымен алға шықты. Мұны жүзеге асыру үшін ол «Воскресения» атты христиан-демократиялық партиясын құрған болатын [10, 27 б].

Сонымен бірге, Ресей империясындағы 1917 жылы қазан айында болған төңкеріс еліміздің тарихына, сонымен бірге ерекше діни жағдайдың қалыптасуына үлкен әсерін тигізген оқиғалардың бірі болатын.

Қазіргі таңда 1917 жылдары болған төңкерістің дайындығына және жүзеге асыруында жаңа протестанттық ағымдардың орны мен рөлі жайлы көпшіліктің бірі білсе, бірі біле бермейді.

Сол себепті қазан төңкерісі кезінде жаңа протестанттық ағымдардың ұстанған жолын қарастырып өткен жөн деп санаймыз. Былай ойлап қарағанда осы екі түрлі құбылыстың бір-бірімен ортақ мүддесі болуы мүмкін ба деген сауал туындайды. Өйткені, жаңа протестанттық ағымдар адамдар ойлау жүйесінде «діни» сипатқа ие, ал төңкеріс болса құдаймен күрес көрінісі байқалып, дінмен мың қайнасада сорпасы қосылмайды. Бірақта, осы екі құбылыс арасындағы байланысты XIX ғасырдың үшінші жартысында Ресей Империясы билігі тарапынан тауып түсінілді. Осыған байланысты 1881 жылы Қасиетті Синодтың обер-прокуроры К.П. Победоносцев III Александрға жаңа протестанттардың социалистермен байланысын ашатын құжаттармен таныстырған болатын. 1894 жылының 4 шілде айынан бастап Ресейдің Ішкі істер министрлігі тарапынан штундиттер ағымымен қоса, баптистер мен евангелистік христиандардың құлшылық ету жиналыстары шіркеу пен мемлекеттің қарым-қатынастарына зиян келтіреді деген қауіппен ұйым жиналыстарын өткізуіне тыйым салады.

Революционерлердің басшылары Ресей империясын құлатуда жаңа протестанттық ағымдар көмек беретіндігіне сенімді болған және тарих беттеріне қарайтын болсақ, революционерлердің ойлаған есептері жүзеге асқанын байқауға болады. Жаңа протестанттық ағымдардың өкілдері үлкен ынтамен революционерлік-социалистік әдебиеттерді жаппай оқып, қоғам ішінде кеңінен тарату жұмыстарын атқарды. Сонымен бірге, мемлекеттік құрылымдарға және билікке қарсы бағытталған уағыздарын үлкен белсенділікпен жүзеге асырған. Кейбір кездерде жаңа протестанттар өздерінің баспаханаларында большевиктік журналдарды баспадан шығарып отырғанын да байқауға болады.

РСДРП II съезінде Лениннің тарапынан «Бостандықты сүйгіш сектантардың» арасында социал-демократиялық жұмыстарды белсенді түрде жүргізу қажеттігі туралы арнайы резолюция қабылданады. Кейінгі уақыттарда «Рассвет» деп аталатын жаңа протестанттарға арналған социал-демократиялық парақшалар басылып шыға бастады. Революционерлердің жаңа протестанттармен біріге отырып империяны құлату жөніндегі есептері толығымен орындалды деп айтса да болады. Осы қозғалыс 1917 жылдарындағы ақпан және қазан төңкерістерінде маңызды орынды иеленді. Қарама-қайшылықтарға қарамастан жаңа протестанттардың діни нигилизмі және большевизммен өздерінің ортақ мүдделері бар екенін тапты [11, 206 б]. Оларды біріктірген ортақ мүдде – ескі әлемді түп тамырымен жою. Осы мақсаттарды жүзеге асыру қызметінде әртүрлі жаңа протестанттық діни бірлестіктер жұмыс жасаған, соның ішінде баптистер, евангелиялық христиандар, жетінші күн адвентистері және т.б.

1925 жылы «Безбожник» газетінде «Жаңа протестанттықтың революцияда алған рөлі» деген атаумен жарияланған ашық хат үлкен қызығушылық таңғытып отыр. Себебі, осы жерде жаңа протестанттық ағымдар өз мүдделерін қанағаттандыру үшін большевиктік режимнен жеңілдіктер сұраған құжаттарының бірі болып табылады және осы хатында жаңа протестанттық ағымдардың большевиктік билік алдында атқарған қызметтерін баяндаған. Осы хатта келтірілген мәліметтерге сәйкес, бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде соғысқа қарсы бағытталған уағыздарын, немістермен «бауырлық» қатынасты орнатуға, әскери күштерге соғысты тоқтатындар деген үндеулері, өздерінің баспаларында большевиктік әдебиеттерді, брошюраларды басып шығарғандары туралы жазылған. Сонымен бірге, осы жерде Орыс Православ Шіркеуіне қарсы бағытталған жұмыстарда жаңа протестанттық ағымдардың ерекше рөлін көрсетті. Осы хаттың астында ірі жаңа протестанттық қауымдарының басшылары қол қойған (баптисттер, адвентисттік, евангелиялық). 1924-1925 жылдары өздерінің жиналыстарында большевиктік билікпен ынтымақтастық туралы декларацияларды баптистер, адвентистер және басқа жаңа протестанттық ағымдар қабылдаған. Сөзіміз дәйекті болу үшін жетінші күн адвентистерінің ынтымақтастық туралы декларацияларынан үзіндіні ұсынамыз:

«Бұрынғы Ресей мемлекеті аумағында Кеңес үкіметі орнағаннан бастап, КСРО аумағын-

да өмір сүретін жетінші күн адвентистері «Капитализмнен социализмге өту», «Монархияны республикамен ауыстыру», «Барлық билік жұмысшыларға. Кеңестерге», «Жер – жұмысшыларға, шаруаларға», «Халықтардың теңдігі және өзін-өзі басқару», «Жұмыс жасамайтын адам тамақтанбайды», «Ар-ождан, діни және дінге қарсы үгіт-насихат бостандығы», «Кеңес Республикасы – діни құғынға ұшыраған адамдардың мекені», «Мемлекеттен шіркеуді және мектепті шіркеуден бөлу» және «Жаңа стильді және жаңа жазуды енгізу» ұстанған ұрандарды қолдай отырып, бір сәткеде болмасын терең ойлайтын адамдарды және халықтарды біріктіретін күшке ие болатындығына күмәнданбайды» [12, 5 б].

Өздерінің декларациясында адвентистер былай деп жазған:

«Біз ұмытпас В.И. Ленин мен оның көмекшілеріне әлемдегі жалғыз дамушы және керекті аппаратты ұйымдастыру кезінде Құдайымыз ақиқат пен данышпандықты олардың жүректеріне салды» [12,11 б].

Жаңа протестанттар халық арасында прозелитикалық қызметпен белсенді түрде айналысып келді. Осы кезеңді олар «алтын ғасыр» деп еске алып отырады. Бірақта, православ шіркеуі үлкен құлдырауға жеткен кезде, большевиктер жаңа протестанттық ағымдарға қарсы шаралар қолдана бастады. Бұл оқиға ХІХ ғасырдың жиырмамыншы жылдары орын алған болатын. Осы уақытқа дейін большевиктерге өз қолдауын аямаған және православ шіркеуімен күрескен жаңа протестанттардың өздері құғынға ұшырап кетті. Екі-үш жылдың ішінде жаңа протестанттық ұйымдар жойылды, ал олардың қалдықтары мемлекеттің бақылауының астында қалды [13, 65 б].

Осы уақыттан бастап протестанттық және жаңа протестанттық ағымдардың қызметтері заңсыз саналып, 1940 жылдардан ғана бастап діни қауымдардың өмірі қалпына келе бастады. Алматыда, Жамбылда, Қарағандыда және тағы басқа қалаларда жаңадан қауымдар ашылды. Бұл үрдіс 1960 жылдардың басында жедел дамып, КСРО-ның құлауына дейін жалғасты. Баптистер мен евангелишыл христиандардың бірігу нәтижесінде Бүкілодақтық евангелшіл христиан-баптистер кеңесі (БЕХБК) тіркелгеннен кейін. Бұл қауымға елуіншілер қауымының (1946-1947) бір бөлігі және менониттер бауырластығы (1960) кірді.

Қазақстанда 1966-1988 жылдар аралығында ЕХБ қауымына тіркелгендер саны 11-ден 120-дейін өсті. Ал сенушілер саны 5,8-ден 14,8

мыңға жетті. Сонымен қатар, тіркелмеген діни топтар 100-ден асып, сенушілерінің саны 2,5 мың болды. Барлығы 1965-1988 жылдары БЕХБК қауымында 9,8 мың адам шоқынып, қауымның көпшілігін ауылды жерлерде тұратын немістер (80%) құрады.

1960 жылдары БЕХБК Кеңесінің діни ұйымдарға деген қатал саясатының әсерінен сенуші баптистер бөлігін қабылдамауына байланысты БЕХБК-нен ЕХБ Кеңес шіркеуі (ЕХБ КШ) бөлініп шығып, БЕХБК ұйымына тіркелуден бас тартты. Қазақстандағы ЕХБ КШ қауымынан 1965-1985 жылдар аралығында жалпы 350 мүше БЕХБК қатарына өтті. Ал ЕХБ КШ тіркелмеген «Христианин» баспасын ашып, «Вестник истины» және «Бюллетень Совета родственников узников ЕХБ в СССР» атты журналдарды шығарып отырды. Бұл журналдарда Кеңес үкіметінің ар-ождан бостандығы принципін бұзғанындығы және қауым мүшелерін діни сенімдері үшін қудалауы сыналып отырды.

Қазіргі таңда Қазақстанда ЕХБ қауымының көпшілігі ЕХБ одағына бірікті. Рухани орталығы Қарағанды обылысының Саран қаласында орналасқан. ЕХБ одағы кезінде Рухани білім беру орталығы 1995 жылы Алматы қаласында шіркеу қызметкерлерін дайындау институты ашылды. СЕО баптистердің (Славян Евангелшіл қоғамы, Алматы қаласы) Библиялық миссиясы және 1992 жылдан бері алғашқы білім беретін сырттай Библиялық мектеп жұмысын бастады. Діни әдебиеттерді тарату мақсатында «Шығыстағы сәуле», «Эммануил», «Әрбір үй Құдай үшін» және тағыда басқа миссиялары сияқты көптеген құрылымдар құрылған. Ал Қарағанды қаласында «Источник» баспасында «Жизнь веры» журналы шығарылады. Алматы және Борабай қалаларындағы Библиялық оқу орындарында шіркеу қызметкерлері кеңінен дайындалды.

Жаңа протестанттық ағымдардың миссионерлік қызметтерінің қайта жаңдануы ХХ ғасырдың сексенші және тоқсаншы жылдарға сәйкес келді. Осы уақыт кезеңдерінде батыстық жаңа протестанттар діни сауаты төмен халықтарды стадиондар мен үлкен залдарда жинап өздерінің жалған ілімдерін таратып, өздерінің тамырларын тереңге жайды. Осы ағымдардың басшылары және өкілдері посткеңестік аумақта басталған ар-ождан бостандығы үрдісінен және әлеуметтік-экономикалық дағдарысты бастан кешіргеннен кейін, халықтың көпшілігі өзінің өмір сүру мәнісін іздеуге түсетінің ұққан. Ал адамдардың ең бірінші кезекте өздерінің дәстүрлі діндеріне баратыны түсінікті. Сол себепті жаңа протес-

танттық ағымдар ең алдымен адамдарды өздерінің дәстүрлі діндерінен әртүрлі әрекеттермен алыстатуға тырысты. Өйткені белгілі бір адам өзінің дәстүрлі діни жүйесінен қол үзетін болса, сол адамды діни ағымдар пластилен сияқты түрлі кейіпте пішін беруге болатының білеміз.

Көптеген діни ағымдар өздерін протестанттық деп аталуға талпысы түсінікті жайт. Протестанттық діни бірлестік статусына ілігу барысында олар халықтың алдында үлкен күмән тудырмайды деген пікілері қалыптасқан. Бірақта, адвентистерді, елуіншілерді, баптистерді және басқа да ағымдарды протестанттық деп атауға болмайды. Себебі, тарих контекстінде қарастыратын болсақ, «протестант» деген терминді тек қана лютерандар мен реформаторларға қатысты қолдануға болады. Ал басқа конфессияларды «Жаңа протестанттық ағымдар» немесе сол конфессияның атауымен атау керек. Соңғы кездері Қазақстан аумағындағы жаңа протестанттық ағымдар өздерінің тарихилығын дәлелдеу жұмысын жасауда. Бірінші кезекте олар елге келген уақытты дәлел ретінде ұсынып отыр. Тарих беттерінде протестант деген сөздің өзі неміс реформаторы, папа теологиясының докторы және соған қарсы шығушы, профессор Мартин Лютердің артынан ерушілерге байланысты айтылған. «Протестанттар» деген атау 1529 жылы Шпейер қаласында болған неміс халқының сеймында шықты. Осы жиналыста Қасиетті Рим империясының императоры Ү Карл лютерандық Реформацияның алғашқы ерушілерге берген діни төзімділік кепілінен бас тартты. Осы сұрақты анығырақ қарастыратын болсақ, Қазақстан аумағында тараған және өздерін «протестанттық» бағытқа жатқызатын ағымдар Лютерге (Кальвин сияқты протестантизмнің басқа өкілдеріне) және Реформацияға ешқандай қатысы жоқ.

КСРО-ның күйреуінен кейінжасырын түрде өз қызметтерін жалғастырып жатқан жеке-леген Евангелдік христиандар қауымы діни ұйым ретінде ресми түрде тіркелді. Қазіргі уақытта Ресейде шамамен 4.5 мыңдай Евангелдік христиандардың ұйымы тіркелген. Осылайша, 2004 ж. Евангелдік христиандар Ресейде тіркелген саны бойынша Орыс православие шіркеуінен кейінгі екінші орынға көтерілді. Қазақстанда Евангелдік христиандар ретінде 1990 жылдан бастап «Грейс-Благодать-Рахым» шіркеуі, «Новая жизнь-Жаңа өмір», «Агапе» қауымдары миссионерлік қызметпен айналысады. Әсіресе Грейс-Благодать-Рахым» шіркеуінің жұмысын Германиядан арнайы білім алған пастор Ким Сам Сон жүргізеді. 1991 жыл-

дың шілде айынан бастап шікеу Библия мектебін ашып, 10 адам дайындайды. Осы дайындықтан өткендер бөлімшелер (ячейка) құрып, Библияны уағыздауды бастайды. Ячейкалық жұмысты жүргізуді жетілдіру үшін Ким Сам Сонға Америкадан пастор Ральф Нейбор, 1994 жылы Лоренс Конг көмекке келеді. Қазір шіркеудің 250 ячейкасы бар. Ким Сам Сон өзінің миссионерлік жұмысын алғаш жеке пәтерде бастайды, аз уақыт аралығында Алматы үй құрылысы комбинатының юала бақшасын жалға 5 жылға алады да кейін келе оны толық сатып алады. Ол «Тин Чалендж» атты нашақорларға арналған миссияның ұйымдастырушысы Даг Бойлмен тығыз жұмыс жүргізеді. Даг Бойл да өз орталығының қарамағына аэропорт маңындағы бала бақшаны қосып алды. Бұл миссионерлердің уағыздарының түп мәні адам жүрегіне мейірімділік себу, ал іс жүзінде олардан мейірімділік күту қиын сияқты. Өз миссияларын жүзеге асыруда жылы орын деп Қазақстандық сәбилердің баспанасын саудаға салуларының өзі ешқандай мораль шеңберіне кірмейді. (бұл жерде жергілікті әкімшіліктегі азаматтардың да жалпы елімізге, ұлтқа деген жанашырлықтарының таяздығын айта кету керек) Бұл ұйымдардың негізгі мақсаты Қазақстан халықтарының көзқарасын өзгерту, олардың Иисус Христосқа деген сенімдерін күшейту. Ол үшін шіркеу Қазақстанның түпкір-түпкіріне жіберуге рухани басшылар дайындайды. Дайындық төрт кезеңнен тұрады: 1-курс Құдай сөзін тану туралы, 2-курс адамдардың қарым-қатынастарын түсіну, 3-курс «А» типті евангелизациялау және «В» типті евангелизациялауды меңгеру, 4-курста адамға ячейканың рухани басшы болуды үйренеді. «Благодать» шіркеуі 2010 жылдың аяғына дейін Қазақстанда толығымен евангелизация процесін бітіруді көздеп отыр. Қоғамда қалыптасқан рухани дәстүрлерді (ұлттық әдет-ғұрыптар мен ислам дәстүрлері) бұзып, оған Библияның рухын кіргізу – негізгі мақсат. Ол үшін олар барлық ақшалай қаржыларын да, күш-қайраттарын да аямай салады. 1992 жылы Алматы қаласында орталық стадионда үш күндік Інжілдік хабар жиналысы өтті. Оған халықаралық деңгейде Ізгі хабар таратушы Питер Яег қатысты. 1996 жылы негізі қаланған Інжілдік қазақ қауымы «Сәлем» мүшесі жағынан Қазақстан бойынша үш жарым мыңға жуықтап, басқа елдерге миссионерлер аттандыруда. 1999 жылы Інжілдік мәсіхшілерді біріктіру мақсатында Қазақстан діни бірлестіктер ассоциациясы және 2004 жылы «Қазақстан Інжілдік Одағы» құрыл-

ды. Сонымен қатар, «Мухаббат», «нижат» т.б. ұйғыр Інжілдік қауымдары 2000 жылдан бастап жұмыс жүргізуде [14, 81 б].

Қазақстандағы діни жағдайға шолу жасасак, шынымен де дінге адамдардың жартысынан көбі біреудің айтқан ақылымен немесе үгіттеуімен келген. Қай діннің немесе діни ағымдардың үгіті күшті жүрсе, сол дінге адамдар көп барады. Әсіресе қазір «Қазақстанда протестанттық секталардың жұмысының жақсы ұйымдастырылуына байланысты христиан дінін қабылдаушылар көбеюде» деген Р.Ескендірованың көзқарасына Заман Қазақстан газетіндегі «Қазақтар шіркеуге бара ма?» атты мақаласында ерекше назар аударылады.

Батыс мемлекеттері миссионерлерінің Африкада, Азияда сабылып жүруі жерасты байлығымыздан басқа нәрсе үшін емес екендігі көрініп тұр. Бұл жолда олар дәуірінің ең мықты мемлекеттерінің көмегін алып отырған. Тарих беттеріне қарайтын болсақ ХІІ-ғасырдан бері ең ірі миссионерлік ұйымдардың арқа сүйерлері алғашында Португалия, Испания, кейінірек Франция және Германия, одан берірек Ұлыбритания және Германия, ал соңғы жылдары АҚШ болды. Айқыш жорықтары айтарлықтай нәтиже бермеген соң христиандар мәдениетке сіңісу әдісі арқылы істі басынан бастаған сыңайлы.

Бұл мақсаттарымен христиандық миссионерлер өз араларында да таласады. Мәселен протестант христиан басқалардың католик немесе православ болып христиан дінін қабылдауына разы болмайды. Себебі, әр ағым артынан артынан бір мемлекеттен әмір алып отыр. Мәселен Православ миссионерлерін Ресей, Католик миссионерлерін Европа, Протестант бағытын АҚШ-басқаруда. Христиандардың бұл мақсаттарын Кенияның (Африка мемлекеті) алғашқы Премьер министрі Камао Кениятта мына сөздерімен керемет жеткізген екен: «Миссионерлер жерімізге келген кезде Інжіл олардың қолында, жер африкалықтардың қолында еді. Бізге көзімізді жұмып дұға қылуды үйретті. Көзімізді ашқан кезде Інжіл біздікі, жер олардікі болып шықты!»

Тәжірибелік қызметте біз рухани дәрежесі төмен пасторларды жиі кездестіреміз. Олардың жұмыстарының негіздерінде руханилықтан басқа барлық көріністерін көруге болады. Осыған байланысты өзіміздің зерттеген қадағалауымызды ұсынамыз.

Миссионерлік қызметті жүргізуге қаржысы жететін шіркеулердің көптеген ізбасарлары және бірнеше пасторлары болады. Олардың жеке адамдық амбициялары мен материалдық қажет-

тіліктері толық қанағаттандырылмағандықтан, шетелден жақсы қаржылық көмек ала отырып, шіркеу қызметкерлерін және адепттерді алдап-арбау барысында қазақстандықтардың «рухани ұстаздары» үлкен көлемде қаржы жинап алады. Мәселен, 2011 жылы «Грейс» шіркеуінің пасторы Ким Сам Сон 130 мың АҚШ долларын заңсыз шекарадан алып өтпекші болған кезінде Алматы халықаралық әуежай шекара қызмекерлерімен ұсталған болатын. Осындай шіркеу басшылары өздерінің отандарына оралу кездерінде қайтадан материалдық қиындықтарға тап болады. Сонымен қатар, миссионерлердің балалары Қазақстанда білім алғандықтан, Кореядағы, АҚШ-тағы немесе басқа шетелдік білім беру жүйесіне қайта бейімделуінде үлкен қиындықтар туғызады. Осы фактілерді қарастыра отырып Қазақстандағы миссионерлер біздің елімізде тұрақтап қалғылары келеді деген ой туындайды.

Алматы қаласы Ішкі саясат басқармасының «Ақпарат және талдау орталығының» қала тұрғындары арасында дәстүрлі емес діни ағымдардың қызметтерін анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтік сауалнама жұмысына қатысқан адамдардың 53%-ы дәстүрлі емес діни ағымдардың миссионерлік әрекеттерімен кездескендігі анықталды. Ал 47% миссионерлермен немесе өкілдерімен тікелей кездеспеген, алайда олардың қызметі мен әрекеттері туралы өздерінің достарынан, туыстарынан хабардар болған. Сонымен бірге, дәстүрлі емес діни ағымдардың прозелиттік әрекеттерінің белсенділігі сұрастырылған қала тұрғындарының 18,1%-ы шіркеулерге бару немесе миссионерлерімен кездесу тәжірибесі бар екендігі анықталды.

Миссионерліктің нысанына қала тұрғындарының келесі әлеуметтік топтар ілігуде: 40-49 жас аралығындағы адамдар – шіркеулерге бару немесе миссионерлерімен кездесу тәжірибесі бар адамдардың 30%-ы; 18-19 жас аралығындағы жастар – 23,3%; жоғары білімі бар – 26,8%; орыстар – 23,5%; табысы орташадан жоғары – 32,5% [16, 29-30 б].

Сауалнамаға қатысқан алматылықтардың басым бөлігі (66%) дәстүрлі емес ұйымдар қызметтері Қазақстан қоғамына үлкен қауіп төндіріп отырғандығы жайлы белгіледі. Тұрғындардың жауаптарына сәйкес қоғамға төңген қауіптердің ішінде ең бірінші орынға 49,6%-бен халықты идеологиялық зомбиге айналдыру қауіпі шықты; 41,9%-ы жас ұрпаққа кері әсерін тигізеді; 20,3%-ы адамдарды алдау және тонау мақсатында қызмет жасайды; 17,7%-ы қоғамда экстремистік және ксенофобтық көңіл-күйді орнатады; 15,5%-ы

дәстүрлі емес ұйым қызметтері дәстүрлі діни сенімге және құндылықтарға зақым береді [16, 33-34 б].

Шыңыменде шетелдік миссионерлер халықтың ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі діндеріне құрметпен қарамастан, прозелиттік болып саналатын лас әдістерді пайдаланады. Бұған байланысты миссионер Чарльз Д. Егал былай дейді: «Мұсылмандарға жақындау үшін олардың дінін, тілін қолданыңдар. Құранның ішінен христиандыққа зияны жоқ аяттарды алып қолданыңдар. Әрі мұсылмандардың жұма құлшылығына параллель жұма уағыздарын ұйымдастырып, үй шіркеулерінің лидерлері имам секілді көрінуіне болады. Үй шіркеуіне кірерде аяқ киім шешу, мұсылмандардың діни рәсімдеріне ұқсас рәсімдер ұйымдастыруға болады» [17, 81 б]. Сонымен бірге, діни рәсімдерінде құрамында қай ұлттың өкілі басым болса сол тілде (қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек) атқарады. Рәсімдерінің барысында айтылатын діни әндерін домбыра, қобыз, сыбызғы секілді ұлттық музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен орындайды. Осындай прозелиттік қызметтің нәтижесінде қоғам ішіндегі дінаралық қатынастарға жағымсыз әсерін тигізіп, үлкен проблемалардың біріне айналуы мүмкін.

Қорытынды: Зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе, қазіргі таңда көптеген діни ағымдар өздерін протестанттық деп аталуға және елміздегі тарихын мыңжылдыққа создыру талпысы түсінікті жайт. Өйткені протестанттық діни бірлестік статусына ілігу барысында және өздерінің Қазақстандағы тарихын мыңжылдыққа ұлғайтуы халықтың алдында үлкен күмән тудырмайды деген пікілері қалыптасқан. Бірақта, адвентистерді, елуіншілерді, баптистерді және басқа да

ағымдарды протестанттық деп атауға және Қазақстандағы тарихын 100 жылдан ары асыруға болмайды. Себебі, тарих контекстінде қарастыратын болсақ, «протестант» деген терминді тек қана лютерандар мен реформаторларға қатысты қолдануға болады. Ал басқа конфессияларды «Жаңа протестанттық ағымдар» немесе сол конфессияның атауымен атау керек. Сонымен бірге, соңғы кездері Қазақстан аумағындағы жаңа протестанттық ағымдар өздерінің тарихилығын дәлелдеу жұмысында, олар бірінші кезекте христиандық діннің елге келген уақытты дәлел ретінде ұсынып отыр. Тарих беттерінде протестант деген сөздің өзі неміс реформаторы, папа теологиясының докторы және соған қарсы шығушы, профессор Мартин Лютердің артынан ерушілерге байланысты айтылған. «Протестанттар» деген атау 1529 жылы Шпейер қаласында болған неміс халқының сеймында шықты. Осы жиналыста Қасиетті Рим империясының императоры Ү Карл лютерандық Реформацияның алғашқы ерушілерге берген діни төзімділік кепілінен бас тартты. Осы сұрақты анығырақ қарастыратын болсақ, Қазақстан аумағында тараған және өздерін «протестанттық» бағытқа жатқызатын ағымдар Лютерге (Кальвин сияқты протестантизмнің басқа өкілдеріне) және Реформацияға ешқандай қатысы жоқ екенігін анықтауға болады.

Осы орайда, «Ақпарат және талдау орталығының» Алматы қаласының тұрғындары арасында дәстүрлі емес діни ағымдардың қызметтерін анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға қатысқан қоғамның басым бөлігі және интернет кеңістігінде үлкен талқыға салынатын жаңа протестанттық және басқа да дәстүрлі емес діни ұйым қызметтеріне қарсы екендігінде атап кеткен жөн.

Әдебиеттер

- 1 Rosenkranz Gerhard. Die Christliche Mission: Geschichte und Theologie. – Muenchen, 1977
- 2 Гараджа В. «Протестантизм». – М.: Издательство: Политиздат, 1971. – 201 с.
- 3 Трофимчук А., Свищева М.П. «Экспансия». – М.: Бузулукская типография, 2000. – 217 с.
- 4 Манарбек Байеке. «Орталық Азия мен Қазақстанның мәсіхшілік тарихы» Литера. – М., 2009. – 403 б.
- 5 История евангельских христиан-баптистов. – М., 1989. – 465 с
- 6 Вибе П.П. «Материалы по истории немецких и менонитских колоний вОмскомПрииртышье». – Омск, 2002. – 105 с.
- 7 Народы и религий мира. – М., 1998. – 481 с.
- 8 Клебанов А.И. «История религиозносектанства в России». – М.: Наука, 1965. – 348 с.
- 9 Яблоков И.Н. История религии. В 2 т. т.2. – М., 2002. – 680 с.
- 10 Савин А.И. «Антирелигиозная комиссия при ЦК РКП(б) – ВКП(б) и евангельские церкви в 1922-1929 гг.». – 85 с.
- 11 Митрохин Л.Н. «Баптизм: история и современность» (философско-социологические очерки). – СПб.: РХГИ, 1997. – 361 с.
- 12 Жетінші күн адвентистерінің Ү отырысының есебі (ВСАД). – М., 1924. – С 11.

- 13 Никольская Т.К. «Русский протестантизм и государственная власть в 1905-1991 годах». – СПб.: Изд-во Европейского университета, 2009. – 66 с.
- 14 Сабри Хизметли. «Орта Азия Түрік республикаларындағы зиянды ағымдар және миссионерлік». – Алматы, 2006. – 85 б.
- 15 Житель Талдыкоргана просит оградить 2-летнюю дочь от церкви «Благодать»
- 16 Центр информации и анализа акимата города Алматы. Аналитический доклад по результатам социологического исследования «Информированность населения города о деятельности псевдорелигиозных организаций и религиозных формирований». – Алматы, 2011. – С. 49.
- 17 Ивоненко С. «Людах, никогда не расстающихся с Библией». – М., 1999. – 255 с.

References

- 1 Rosenkranz Gerhard. Die Christliche Mission: Geschichte und Theologie. – Muenchen, 1977
 - 2 Garadzha V. «Protestantizm». – М.: Izdatel'stvo: Politizdat, 1971. – 201 s.
 - 3 Trofimchuk A., Svishheva M.P. «Jekspansija». – М.: Buzulukskaja tipografija, 2000. – 217 s.
 - 4 Manarbek Bajekе. «Orталық Азия мен Қазақстандағы мәсiшhilik тарихы» Litera. – М., 2009. – 403 б.
 - 5 Istorija evangel'skih hristian-baptistov. – М., 1989. – 465 s
 - 6 Vibe P.P. «Materialy po istorii nemeckih i menonitskih kolonij vOmskom-Priirtysh'e». – Omsk, 2002. – 105 s.
 - 7 Narody i religij mira. – М., 1998. – 481 s.
 - 8 Klebanov A.I. «Istorija religioznogosektanstva v Rossii». – М.: Nauka, 1965. – 348 s.
 - 9 Jablovkov I.N. Istorija religii. V 2 t. t.2. – М., 2002. – 680 с.
 - 10 Savin A.I. «Antireligioznaja komissija pri CK RKP(b) – VKP(b) i evangel'skie cerkvi v 1922-1929 gg.». – 85 s.
 - 11 Mitrohin L.N.«Baptizm: istorija i sovremennost'» (filosofsko-sociologiches-kie ocherki). – SPb.: RHGI, 1997. – 361 s.
 - 12 Zhetinshi kыn adventisteriniң Y ottyrysypuң esebi (VSAD). – М., 1924. – S 11.
 - 13 Nikol'skaja T.K. «Russkij protestantizm i gosudarstvennaja vlast' v 1905-1991 godah». – SPb.: Izd-vo Evropejskogo universiteta, 2009. – 66 s.
 - 14 Sabri Hizmetli. «Orta Azija Tүrik respublikalaryndaғы zijandy aғымdar zhәне missionerlik». – Almaty, 2006. – 85 b.
 - 15 Zhitel' Taldykorgana prosit ogradit' 2-letnjuju doch' ot cerkvi «Blagodat'»
 - 16 Centr informacii i analiza akimata goroda Almaty. Analiticheskij doklad po rezul'tatam sociologicheskogo issledovanija «Informirovannost' naselenija go-roda o dejatel'nosti psevdoreligioznyh organizacij i religioznyh formirova-nij». – Almaty, 2011. – С. 49.
 - 17 Ivonenko S. «Ljudjah, nikogda ne rasstajushhihsja s Biblijej». – М., 1999. – 255 s.
- Rosenkranz Gerhard. Die Christliche Mission: Geschichte und Theologie. Muenchen, 1977